

"Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-88 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 10 тамыздағы № 90 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-88 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24078 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттардың тізбесінде:

реттік нөмірі 318-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

318.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 6 мг	картридж/ құты
------	---------	------------	--	----------------

";

реттік нөмірлері 1291–1293-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1307-1314-жолдармен толықтырылсын:

"

1307.	L04AC05	Устекинумаб	псориаз және псориазды артрит ауруы бар пациенттерді емдеу үшін алдын ала толтырылған шприцтердегі инъекцияға арналған 45 мг/0,5 мл ерітінді (препараттың әрбір бірлігімен қосымша препараттың 1	шприц
-------	---------	-------------	--	-------

			бірлігі тегін беріледі)	
1308.	L04AC05	Устекинумаб	Крон ауруы және ойық жара колиті ауруы бар пациенттерді емдеу үшін инъекцияға арналған ерітінді 90 мг/1 мл (препараттың әрбір бірлігімен қосымша препараттың 1 бірлігі тегін беріледі)	шприц
1309.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 10 мг	картридж/ құты
1310.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 12 мг	картридж/ құты
1311.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 15 мг	картридж/ құты
1312.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 20 мг	картридж/ құты
1313.	J07AL02	Пневмококктық тазартылған полисахаридті	полисахаридті конъюгацияланған белсенділігі жойылған 20 валентті адсорбцияланған	шприц/ доза

		конъюгацияланған антиген	пневмококкты вакцина, бұлшықет ішіне енгізуге арналған суспензия, 0,5 мл/доза	
1314.	L01FX14	Полатумумаб ведотин	инфузияға арналған ерітінді дайындау үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизат, 140 мг (препараттың әрбір 5 бірлігіне қосымша препараттың 1 бірлігі тегін беріледі)	құты

".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова